

Мен бақытты анамын



Жетекшілері:

Атъкен С

Исанова Р.А

Қарағанды қаласы

Тақырыбы: Мен бақытты анамын. Мақсаты: Ананың отбасындағы бақытты сәтін көрсете отырып, отбасылық құндылықты насихаттау. "Мен бақытты анамын" тақырыбы бойынша фотоколлаж жасау арқылы ой бөлісу. Бақытты ана болу- бұл ұлы сезім. Біз үшін бақытты сәттерімен бөлісу өте маңызды.

МЕН-БАҚЫТТЫ АНАМЫН

Өмірімнің мәні бала-байлығым,
Бала деумен өтіп жатыр ай, күнім.
Әр баламның шат-шадыман күлкісі
Ұмыттырар бәрін уайым-қайғының.

Ана болдым, келді өмірге жаңа леп,
Артта қалды қыз күндегі сан әдет.
Арман болды мамық жастық, тәтті ұйқы,
Ауырсам да жата алмаймын бала деп.

Күндіз кейде дамыл таппай шарқ ұрам,
Түнгі ұйқының рахатынан тартынам.
Соның бәрі ұмыт болар әп-сәтте,
Иіскегенде жұпар иісін аңқыған.

Кінә артып, кейде сын да тағармын,
"Адам бол" деп зекіп ұрсып алармын.
Сол ашудың ұшқыны да қалмайды-ау,
Мандайынан сүйген кезде баламның.

Бала қамын ойлап атар таңдарым,
Бар уақытты балаларға арнадым.
Адам болып, орнын тапса өмірде,
Орындалар ақ үмітім, арманым.

Балаларым-аспандағы күн, айым,
Бір Алладан амандығын сұрайын.
Жұлдыздары жарқырасын биікте,
Тіл мен көзден аман қылсын Құдайым.

Бала бағып қос білегім талмаса,
Бала ойнап, үйде асыр салмаса.

Сезінбесем ана болу бақытын,
Өмір сүрдім деп айтуым - далбаса.

Бәйек болар іздеп бабын баланың,
Ұсынатын, жасап дәмді тағамын.
"Бергеніңе шүкір" дейтін Аллаға,
Мен - бақытты, ең бақытты анамын.

Аналардың пікірі

Мен бақытты анамын. Аллаға мың да бір шүкір сүйікті екі ұлым бар. Аллаға рахметімді айтамын. Әр таң жаңа мүмкіндіктерім үшін . Мен жеңімпазбын. Мен жомартпын. Мен дарындымын. Мен таланттымын. Мен бақытты анамын. Мен табыстымын. Мен таланттымын. Мен сән салтанатты өмірге лайықтымын.

Мен бақытты анамын.Өз отбасымды жақсы көремін.Алла берген үш ұлым,мені сыйлап құрметтейтін жұбайым Абай отбасым.Мен бастауыш сынып мұғалімімін.Өз жұмысымды жақсы көремін,ұжымымды құрметтеймін.Өз саламда биік шыңдардан көрінуді армандаймын және арманым жетуге бар күш жігерімді саламын.



Мартбек Мамыраев атындағы мектеп- интернаты. Қазан айының жоспары бойынша "Мейірім аналар" клубының кезекті отырысы өтті. Мақсаты: Ананың отбасындағы бақытты сәтін көрсете отырып, отбасылық құндылықты насихаттау. "Мен бақытты анамын" тақырыбы бойынша фотоколлаж жасау арқылы ой бөлісу. Бақытты ана болу- бұл ұлы сезім. Біз үшін бақытты сәттерімен бөлісу өте маңызды.

<https://www.instagram.com/p/DBYcYaOMWNS/?igsh=M2E1cm5tNGFhN2dm>